

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы Көкшетау жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен өткен «Үш тіл білу – заман талабы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға қосқан үлесі үшін Б.А.Қырықбаева Алғыс хатпен марапатталды.

ZIAT ғылыми-әдістемелік орталығында «Өнегелі ұстаз» қашықтықтан өткен V Республикалық педагогикалық сайысында Ж.С.Алибаева, Л.К.Мейрманова, Б.А.Қырықбаева I орын иеленіп, Дипломмен марапатталды.

ZIAT ғылыми-әдістемелік орталығында «Білім берудегі жаңа инновациялық технологиялар» атты II Республикалық ғылыми-тәжірибелік сырттай конференциясына қатысып, мақала жариялағандары үшін А.О.Бейсенбаева, Л.К.Мейрманова Сертификатқа ие болды.

“Тәрбие - білім негізі”



Бүкіләлемдік өрмек - интернетке байланысты студенттердің білімдерін нығайту, тиянақтау; студенттердің интернет арқылы жаман әрекеттерге, ойындарға еліктемей тек жақсы жақтарын пайдаға асыруына итермелеу мақсатында 03.02.2017 ж. курс студенттері арасында «Интернет қауіпсіздігі» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Байқаудың жеңімпаздары: I орын - 104 топ, II орын - 108 топ, III орын - 107, 105 топтар.

14.03.2017 ж. Наркобекет комиссиясының төрайымы – А.С. Ташмаханбетова және Салауатты өмір салты комиссиясының төрайымы – Д.Т. Тлеуабылованың ұйымдастыруымен II курс 229 топ пен III курс 311 топтардың қатысуымен №5 Жастар орталығынан А.Т.Жаршимбекова және Қалдыбаевамен «Нашақорлықтың, маскүнемдіктің алдын алу», «Темекі тәннің жарасуы», «Ерте жүктілік» тақырыптарында кездесу өтті.



04.03.2017 жылы Колледж инспекторы, №1 мобильді топтың мүшесі, Тараз қалалық ІІБ ЖІПҚ аға инспекторы, полиция майоры Б.А. Альмухамедов «Қауіпсіз интернет» және «Бопсалаудың алдын алу және болдырмау» тақырыптарында студенттермен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

17.03.2017 жылы Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинеті бөлім басшысы, №1 мобильді топтың мүшесі Г.Е. Келдибаеваның ұйымдастыруымен «Астана» кәпсәлалы колледжінде өткен «Отбасылық тәрбиенің қоғамдағы маңызы: мәселелер, көзқарастар, болашағы» тақырыбындағы облыстық семинарға ДТҚБАЗ меңгерушісі Р.Б. Усенов, колледж психологы А.Н. Оскенбаева және әлеуметтік педагог А.А. Буксукбаева қатысып, тәжірибе алмасып келді.

«Қазақстан студенттерінің Альянсы»



19.03.2017 ж. №1 арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі қарияларға, Ұлыстың Ұлы күні мерекесі қарсаңында «Қош келдің, Әз-Наурыз» атты концерттік бағдарламаға студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Қырықбаева Б.А. және жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б. Уркимбаеваның ұйымдастыруымен колледждің белсенді студенттері қатысып, мерекелік жақсы көңіл күй сыйлап, үлкендердің баталарын алды.

28.03.2017ж. Облыс әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы аясында «НАУРЫЗ-ДУМАН» атты мерекелік іс-шараға қаламыздың жоғарғы және орта арнаулы оқу орындары қатысып, колледжіміздің белсенді жастары «Бастаңғы» салт-дәстүрді жақсы деңгейде көрсетіп жүделі II орынмен марапатталып, плазмалы теледидар ұтып алды. Мерекелік іс-шара үлкен деңгейде өтіп, жастарға ұлттық ойындар ойнатылып, іс-шара соңында Наурыз көже берілді.



06.03 - 07.03.2017 ж. Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаеваның ұйымдастыруымен облыс әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы «Әлеуметтік желілерде жастармен жұмыс жүргізудің жаңаша мүмкіндіктері» және «Өзін-өзі басқару дағдылары» тақырыптарында облыстық оқыту семинарына колледждің белсенді 20 студенті қатысып сертификаттармен марапатталды.

04.03.2017 ж. Тараз студенттер Альянсының ұйымдастыруымен облыстық «Анаға тағзым» атты мерекелік іс-шараға колледждің белсенді студенттер қатысып, өз өнерлерімен көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

02.03.2017 ж. «Өмір тамаша! Босқа қауіпке жол берме!» атты акцияның «Біз өмірді сүйеміз» тақырыбында колледждің 102-топ және 109-топ студенттерінің орындауында жастар флеш-мобы ұйымдастырылды.

10.03.2017 ж. Жамбыл облысы әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Жайдарлы» жастар КВН лигасы» жастар қоғамдық бірлестігі облыстық КВН лигасының «Маусымашар - 2017» ойынында колледждің «Мед Жастары» жайдарман тобы қатысып келесі ойынға жолдама алды. Студенттер кәсіподақ ұйымы қаржылай демеушілік жасады.

01.03.2017 ж. «Алғыс айту» күніне орай Тараз қаласы «Достық» үйінде Жамбыл облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен өткізілген мерекелік шарасында Жамбыл медициналық колледжінің студенттері, ерікті жастары белсенділік көрсетті.



Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

№7 5 сәуір 2017 жыл сәрсенбі

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

22-НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

18.03.2017 ж. Тәрбие ісінің меңгерушісі Р.Б.Усенов, студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Б.А.Қырықбаева және жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаеваның ұйымдастыруымен Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесінің қарсаңында «Наурызым – мерекем, Наурызым - құт берекем» атты фестиваліне халықтар достастығы ассамблеясынан, Жамбыл облысы жастар орталығынан қонақтар және колледждің ардагер ұстаздары шақырылып, іс-шара жоғары деңгейде өткізілді.



19.03.2017 ж. «Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесі» қарсаңында колледждегі жетім, ата-анасының қамқорлығынан айрылған және мүмкіндігі шектеулі студенттерге колледж студенттер кәсіподақ ұйымы тарапынан қайырымдылық көмек көрсетілді. Ақшалай сыйлықты колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова табыстады.

22.03.2017 ж. «22 Наурыз - Ұлыстың Ұлы күні» мерекесінде орталық «Достық» алаңында №3 арнайы пәндер ЦӘК мүшелерінің қатысуымен қазақ халқының «Беташар» рәсімі көрсетіліп және колледждің белсенді студенттері өз өнерлерін ортаға салды. Жамбыл облысы әкімі К.Н.Көкрекбаев және Жамбыл облысы әкімдігінің «Денсаулық сақтау басқармасы» басшысы Т.Ш.Әбілдаев концерттік бағдарламасын тамашалап, колледж ұжымын мерекемен құттықтады.



Колледж оқытушыларының аттестациясы

20.02.2017 ж. 2016-2017 оқу жылында 18 оқытушысы аттестатудан өтуге өтініш берді. Оның ішінде: 7 оқытушы - жоғары санатқа, 3 оқытушы - I санатқа, 9 оқытушы - II санатқа. Аттестаттау комиссиясына жоғарғы санатқа өтініш берген 7 оқытушы озық педагогикалық тәжірибе жұмысын жинақтап, қорыту және тарату мақсатында Б.С.Мадимарова «Клиникалық пәндер сабағында инновациялық - техникалық оқу құралдарын қолдана отырып оқытудың белсенді түрлерін көрсету», Л.К.Мейрманова «Игровая технология как одна из форм интерактивного обучения и развития речи на уроках русского языка», Ә.М.Ниязқұлов «Студенттердің денсаулығын нығайтуда сабақтан тыс спорт секцияларының атқаратын рөлі», Р.А. Асилбекова «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып, білім сапасын арттыру» шығармашылық есеп берді.

29.03.2017 ж. Аттестаттау комиссиясының төрайымы Ж.Н.Сарыбекова – колледж директоры. Аттестаттау комиссиясы төрайымының орынбасары Л.Т.Куанышбекова – директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары. Комиссия мүшелері: С.Р.Касенова – «ҚР Денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ ЖОФ төрайымы. Р.Б.Нуржанов – Жамбыл облысы Тараз қаласының №1 қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері. К.Т.Андакулова – директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары. Ж.Е.Бекбатырова – Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы басшысының орынбасары. Б.К.Жарқынбеков – ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы ҚР Ұлттық медициналық Палатасының ЖО филиалы директоры. Ж.Ж.Бапанов – ЖО әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы әкімшілік бөлімінің басшысы. Г.Қ.Сарыбаева хатшы.

Педагогикалық кеңес өтті

30.03.2017 ж. Педагогикалық кеңестің үшінші отырысы өткізілді. Күн тәртібінде: 1. 2016-2017 оқу жылының I-жарты жылдығының қорытындысы. Куанышбекова Л.Т. 2.«Мейірбике ісі» мамандығы «Жалпы практикадағы мейірбике» біліктілігі бойынша кешкі бөлім студенттерінің кәсіптік практиканы өтуі туралы есебі. Андакулова Қ.Т. 3. Кешкі бөлім "Мейірбике ісі" мамандығы бойынша мемлекеттік емтиханның қорытындысын сараптау. Турғумбекова С.С. 4. «Саясаттану», «Әлеуметтану», «Философия» және «Құқық негіздері» пәндерінің оқытылуы мен білім сапасы. Сағындықова Б.А. 5. Кураторлардың діни эстремизмнің алдын алу мақсатында жүргізген тәрбие жұмыстарының сапасы мен ұйымдастырылуы. Қалымбетова Ж.Б.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Әдістемелік мектеп. Жас оқытушылар мектебінің отырысы

«Терең білім - маман біліктілігінің кепілі» тақырыбында семинар

I. Жас мамандардың оқытушылық қабілетін анықтау мақсатында тәлімгердің жас маман сабағына қатынасуы, сабағын талдауы. Сабақтың талдауы мен өзіндік талдау жасау бойынша колледж әдіскері Л.К.Батаева баяндама жасады. Психолог А.Н.Өскенбаева «Лабиринт» атты тренинг өткізді. I.1.«Сабақтың өзіндік талдауы-оқытушының кәсіптік шеберлігін қалыптастыру шарттарының бірі» тақырыбында практикум өткізілді. Жас маман Д.Т.Глеуғабылова өз сабағына өзіндік талдау жасады, осы сабақты тәлімгер Б.А.Сағындықова талдады.

II.«Менің кәсібі өсудіңдегі тәлімгер көмегі» жас мамандардың пікірі тыңдалып, ой бөлісті.

III.«Оқытушы портфолиосы. Портфолио мазмұны. Портфолио презентациясы.» тақырыбында информатика пәнінің оқытушысы, тәлімгер А.К.Кудайбергенова өз тәжірибесімен бөлісті.

IV.«Менің сүйікті ұстазым» тәлімгердің іс-тәжірибесінен. «Для успешного решения задач повышения активности и качества учебного процесса необходим постоянный творческий поиск методов и приемов, активизирующих познавательную деятельность студентов в проведении самостоятельной работы на практических занятиях» тақырыбында тәжірибелі оқытушы М.Т.Райымбаева өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Семинар қызықты, үйренері көп іс-шара болды.



Ашық сабақ



17.03.2017 ж. Фармакология негіздері пәнінен "Мейірбике ісі" бөлімі, 327 топта «Ас қорыту мүшелері қызметіне әсер ететін дәрілер» тақырыбында Р.Т. Нұрбаева ЦӘКішілік ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерге ас қорыту мүшелері қызметіне әсер ететін дәрілер туралы жалпы түсінік беру, олардың әсері, қолданылуы туралы айта отырып, берілген препараттардың рецептке жазылуын үйрету. Студенттердің есте сақтау, ойлау, жүйелеу, қорытындылау қабілеттерін дамыту. Білім деңгейін, сабаққа деген ынтасын арттыру. Болашақ медицина қызметкерлерінің қазіргі заманға сай клиникалық ойлау қабілетін қалыптастыру. Сабақ өз мақсатына жетті және қабылданды.

Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығында өткізілген іс-шаралар



20.02.2017. – 04.03.2017 ж. ақылы негізде, орыс тілде «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Дәрі егу кабинетіндегі мейірбике қызметінің өзекті аспектілері», «Емдік массаж», «Хирургиялық ауруларды және зақымдануды оперативтік емдеудің мейірбикелік технологиялары» атты циклдар өткізілді



06.03.2017. – 20.03.2017жылы ақылы негізде, орыс тілде «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Білім беру жүйесі мейірбикесінің жұмысы», «Жалпы тәжірибелік дәрігердің мейірбике жұмысы» атты циклдар өткізілді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жұмысы

Ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері: директордың өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары К.Т.Андақұлова, оқытушылар У.Е.Дүйсембаева, И.Ш. Сапарова Тұрар Рысқұлов, «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі А.М.Мадибраймова және оқытушылар Ж.А.Токташева, А.К.Баева Қордай, «Медбике ісі» бөлімінің меңгерушісі Ж.Б.Мырзағұлова, оқытушы О.А.Махамбетова Мойынқұм және «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі Ф.Қ.Жапарқұлова, оқытушы М.Т.Раимбаева Меркі аудандық орталық ауруханасында орта буынды медициналық қызметкерлеріне арасында дәріс оқыды.



№ 40 мектеп - гимназиясының 9 сынып оқушылары Жамбыл медициналық колледжінің Бғимаратына келіп танысып, оларға кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді.



Жамбыл медициналық колледжі оқытушылары Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің 9 – 11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында үгіт - насихат жұмыстарын жүргізді және шұғыл жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша шеберлік - класс көрсетті.

Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Байқаулар

09.03.2017жылы «Фармация» мамандығы 4 курс студенттері арасында "Үздік фармацевт" колледжішілік байқауының II кезеңі өткізілді. II кезеңге іріктеу кезеңінен сүрінбей өткен 8 студент (429 топтан Әліпбекова А., Саметдинова З., 430 топтан Шитова М., Ахметова Ш., Шамсудинова Н., Исмаилова Д., Шамсутдинова Р., Усейн Т.) қатысты. II кезең 5 турдан құралған. I кезең – «Фармакогнозия», II кезең - «Фармакология», III кезең – «Дәрілік заттар технологиясы», IV кезең – «Фармацевтикалық химия», V кезең – «Маркетинг және менеджмент негіздерімен фармацияны ұйымдастыру және оның экономикасы». Әділқазылар шешімі бойынша, жеңімпаздар анықталды:

Гран-при иегері 429 топ студенті А.Әліпбекова, I орын иегері 430 топ студенті М. Шитова, II орын иегері 430 топ студенті Ш.Ахметова, III орын иегері 430 топ студенті Н.Шамсудинова. Барлық сайыскерлер мадақтау қағазымен, сыйлықтармен марапатталды. Гран-при иегері 429 топ студенті А.Әліпбекова 2017 жылдың 7 сәуір күні Шымкент қаласында өтетін «Үздік фармацевт – 2017» атты Республикалық байқауға жолдама алды.



10.03.2017 жылы «Мейірбике ісі» бөлімі 4 курс студенттері арасында "Үздік медбике" колледжішілік байқауының II кезеңі өтті. II кезеңге іріктеу кезеңінен сүрінбей өткен 7 студент (409 топтан Ахмедияева Б., 410 топтан Әбдімақын Ж., 411 топтан Сарсенова А., Мұхтар Н., 412 топтан Бекмаханбет Д., 423 топтан Арқұл К., 428 топтан Сайлаубай Г.) қатысты. II кезең IV турдан құралған. I тур - "Таныстыру", 2 тур - "Блиц-турнир", 3 тур - "Клиникалық жағдайларды шешу", 4 тур - "Шұғыл жағдайларда көмек көрсету". Әділқазылар шешімі бойынша, жеңімпаздар анықталды:

Гран-при иегері 411 топ студенті А.Сарсенова, I орын иегері 410 топ студенті Ж.Әбдімақын, II орын иегері 411 топ студенті Н.Мұхтар, III орын иегері 409 топ студенті Б.Ахмедияева. Барлық сайыскерлер мадақтау қағазымен, сыйлықтармен марапатталды. Гран-при иегері 411 топтың студенті Сарсенова Альфия 2017 жылдың 14 сәуір күні Астана қаласында өтетін «Үздік медбике – 2017» атты Республикалық байқауға жолдама алды.

11.03.2017 жылы «Емдеу ісі» бөлімінің «Фельдшер» мамандығының 4 курс студенттері арасында "Аумақтағы жедел жәрдем" колледжішілік байқауының II кезеңі өткізілді. II кезеңге іріктеу кезеңінен сүрінбей өткен 6 студент (Забидова М. 407 топ, Рапикова Н. 408 топ, Идрисова А., Якшимуратова К. 419 топ, Абилкасым А., Сельцова А. 421 топ) қатысты. Байқаудың II кезеңі 4 турдан құралған. I тур – «Үй тапсырмасы», II тур – «Медициналық биатлон», III тур – «Көліктік иммобилизация», IV тур – «Практикалық дағдыларын дамыту бойынша жүрек-өкпе реанимациясын бағалау». Барлық сайыскерлер мадақтау қағазымен, сыйлықтармен марапатталды.

Гран-при иегері 421 топ студенті Абилкасым Айдана, I орын иегері 407 топ студенті Забидова Малика, II орын иегері Идрисова Александра 2017 жылдың 15 наурыз күні Омбы медициналық колледжінде өтетін халықаралық «Чемпионат профессионального мастерства «Территория неотложной помощи» байқауының I-ші турына онлайн жүйесінде өткен тестілеуге қатысты. Тестілеу қорытындысы: Абилкасым А. – 87 балл, Забидова М. – 92 балл, Идрисова А. – 92 балл. II кезеңі Омбы қаласында 6 сәуірде өтеді.

Құттықтаймыз!



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауының аясында өткізілген «Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – шығармашыл жастар: жарқын болашаққа айқын бағытпен» тақырыбындағы облыстық конференцияға қатысып, I орынға ие болған 107 топ студенті Қуат Аружан Қуатқызы, ғылыми жетекшісі: А.А.Буксукбаева Дипломмен марапатталды.

«Интернет байқауы» Халықаралық білім беру жобасының II Халықаралық арақашықтықтағы «Новые горизонты» атты балалар, оқушылар мен студенттердің арасында өткен байқауда «Моя будущая профессия» тақырыбындағы жұмысы үшін 101 топ «Мейіргер ісі» бөлімінің студенті М.Есіркепова және жетекшісі Ж.Б.Иманбекова Дипломмен марапатталды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауының аясында өткізілген «Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – шығармашыл жастар: жарқын болашаққа айқын бағытпен» тақырыбындағы облыстық конференцияға қатысып, I орынға ие болған Н.Елұбай және А.Н.Оскенбаева Дипломмен марапатталды.



«Интернет байқауы» Халықаралық білім беру жобасының II Халықаралық арақашықтықтағы «Новые горизонты» атты балалар, оқушылар мен студенттердің арасында өткен байқауда «Мейірімді жанұя» тақырыбындағы жұмысы үшін 303 топ «Емдеу ісі» бөлімінің студенті Б.Назарбекова және жетекшісі А.А. Буксукбаева Дипломмен марапатталды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауының аясында өткізілген «Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – шығармашыл жастар: жарқын болашаққа айқын бағытпен» тақырыбындағы облыстық конференцияға қатысып өзекті мәселелерді шешудегі ізденушілік шеберлігі үшін және шығармашылық қабілетін ерекше танытқаны үшін М.Әбдімүтәліп және жетекшісі Ш.Т.Маманова Дипломмен марапатталды.

«Интернет байқауы» Халықаралық білім беру жобасының II Халықаралық арақашықтықтағы «Новые горизонты» атты балалар, оқушылар мен студенттердің арасында өткен байқауда «Ғаламтордың торына түскен жастар» тақырыбындағы жұмысы үшін 110 топ «Мейіргер ісі» бөлімінің студенті М.Темешова және жетекшісі А.Н.Өскенбаева Дипломмен марапатталды.